

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 қазандағы № 287 "Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 маусымдағы № 177 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 шілдеде № 4861 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 74 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 20.04.2020 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыска енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Зандарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы №18-1/415 "Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 қазандағы №287 "Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4133 тіркелген, 2015 жылғы 14 қарашадағы "Орал өнірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ағаш кесу және орман билетін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 2 - бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер (бұдан әрі- дәлелді бас тарту) Стандарттың 9-1-тармағында көзделген.";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Мемлекеттік орман қоры участеклерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 5- бөлікпен толықтырылсын.

"Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер (бұдан әрі- дәлелді бас тарту) Стандарттың 9-1-тармағында көзделген.".

2. "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (А.М.Дәuletжанов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары А.К.Өтегұловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*A.Көлгінов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК